

Е. Буланов* , **Ш. Кыяхметова** 

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.

*e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІН ОТАРЛАУЫ (I. Жансүгіров еңбектері негізінде)

«XIX ғасырдағы Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (I. Жансүгіров еңбектері негізінде)» атты тақырыптағы зерттеу мақаламызда құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың тарихи тұрғыда жазылған шығармаларына назар аударылады. Ілияс Жансүгіровтың тарихқа қатысты еңбектері көп уақыттар бойы оқырмандар мен зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. 2001 жылы журналист Әбілхан Әбіласанның құлагер ақынның бұл бағытта жазылған шығармаларын араб ғарпінен кириллицаға аударып, жинақ ретінде жарыққа шығарды. Зерттеу мақаламызда жинаққа енген Ілияс Жансүгіровтың «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты тарихи еңбегі негізінде Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлау саясаты ғылыми тұрғыда қарастырылып, нақ сол аймақты мекендеген қазақ руларының қарулы қарсылық көрсеткені ашып көрсетіледі.

Мақалада құлагер ақынның тарихи бағытта жазылған шығармаларының Ресей отарлауы кезіндегі Жетісу өлкесін мекендеген қазақ руларының қарулы қарсылығын ашып көрсетудегі маңызы айқындалды. Екінші, ақынның кәсіби тарихшы болмаса да шығармаларындағы тарихи оқиғалар және көрсетілген уақыт мерзімдерінің дәлдігі, тарихи тұлғалардың іс-әрекеттері еш қатесіз әрі шынайы берілуі анықталды. Үшінші, Ресей отарлауына қарсы қарулы бас көтерген найман руына басшылық еткен төре тұқымына жататын Сыбанқұл Ханқожаұлының іс-әрекеті, шығу-тегі жан-жақты ашып көрсетілді. Төртінші, мақала авторы құлагер ақын І. Жансүгіровтың XIX ғасырда өмір сүрген Мұрат Мөңкеұлының, Махамбет Өтемісұлының шығармаларымен жақсы таныс болғандығын пайымдайды. Бесінші, I. Жансүгіровтың тарихи тұрғыда жазған шығармалары негізінде болашақта көңіл аударып, зерттеу объектісі ретінде қарастыратын тақырыптарды айқындап көрсетеді: 1) Лепсі мен Қаратал өзендері арасын мекендеген матай руларының орыс басып алуына тегеурінді қарсылығы; 2) Орыс басып алуына қарсы албан руларының қарсылығы; 3) Орыс басып алуына қарсы дулат руларының қарсылығы; 4) Орыс басып алуы барысындағы Жетісу өңіріндегі Қоқан хандығының ықпалы және Ресей-Қоқан қатынастары; 5) Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске Жетісу өңірі қазақтарының қатысуы.

Мақалада құлагер ақынның соңына қалдырған мол мұрасын зерттеу тек әдебиетшілердің ғана еншісіне қалдырмай, тарихшылар тарапынан да зерттеу қолға алынуы керектігін баса көрсетеді. Бұның өзі XIX ғасырдың ортасынан бастау алып, XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін созылған Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлау саясатын кешенді түрде зерттеуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, өлкетану бағытына да қосатын үлесі және жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор болмақ.

Түйін сөздер: Жетісу, Ресей империясы, отарлау, найман, садыр, матай, албан.

E. Bulanov*, Sh. Kiyakhmetova

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan

*e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

Colonization of the Zhetysu region by the Russian Empire in the XIX Century (Based on the works of I. Zhansugurov)

In our research article on «Colonization of Zhetysu Region by the Russian Empire in the XIX century (based on the works of I. Zhansugurov)» attention is paid to the historical works of the talented poet Ilyas Zhansugurov. Ilyas Zhansugurov's works concerning history, for a long time remained without the attention of readers and researchers. In 2001, journalist Abilkhan Abilasan translated the poet's works from Arabic to Cyrillic, publishing them in a collection. In our research article on the basis of the historical work of Ilyas Zhansugurov «Russian capture of Zhetysu Region» the policy of the Russian Empire on colonization of Zhetysu Region is scientifically considered, armed resistance of Kazakh tribes is revealed, residents of the same region.

The article identified the importance of the poet's historical works in uncovering the armed resistance of the Kazakh plemes inhabiting the Zhetysu Territory during the period of Russian colonization.

Secondly, the works of the poet, who is not a professional historian, establish the accuracy of historical events, specified dates, and the unmistakable and reliable transmission of the actions of historical personalities. Thirdly, the actions and origins of SybankulKhanchejaula, belonging to the Torah clan, which led the Naiman clan raised against the Russian colony, have been comprehensively revealed. Fourth, the author of the article shows that he was well acquainted with the works of the poet I. Zhansugurov Murat Monkeuly, MahambetUtemisov, who lived in the XIX century. Fifthly, based on the historical works of I. Zhansugurov, the article highlights topics that will be considered as objects of research in the future: 1) resolute opposition to the Russian occupation of the matai tribe inhabiting the rivers Lepsy and Karatal; 2) resistance of the alban tribe to the Russian invasion; 3) resistance of the dulat tribe to the Russian takeover; 4) influence of the Kokan Khanate in the Zhetysu region during the Russian conquest and Russian-Kokan relations; 5) participation of Kazakhs from the Zhetysu region in the nationalthe liberation uprising led by KenesaryKasymuly. The article stresses that the study of the rich heritage left by the poet should be carried out not only by writers, but also by historians. This will allow a comprehensive study of the policy of colonization of the Zhetysu region of the Russian Empire, which began in the middle of the 19th century and continued until the first quarter of the 20th century. In addition, the contribution to the field of local studies and the education of the younger generation will be of great importance.

Key words: Zhetysu, Russian empire, colonization, naiman, sadyr, matai, alban.

Е. Буланов*, Ш. Кыяхметова

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган

*e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

Колонизация Жетысуского края Российской Империей в XIX веке (на основе трудов И. Жансугурова)

В исследовательской статье «Колонизация Жетысуского края Российской империей в XIX веке (на основе трудов И.Жансугурова)» основное внимание уделяется произведениям поэта Ильяса Жансугурова, написанным в историческом контексте. На протяжении многих лет труды Ильяса Жансугурова по истории оставались без внимания исследователей и читателей. В 2001 году журналист Абилян Абиласан перевел написанные в этом направлении работы поэта с арабского алфавита на кириллицу и опубликовал их в виде сборника. В данной статье на основе исторического труда Ильяса Жансугурова «Русское завоевание Жетысуского края» на научной основе рассмотрена политика колонизации Жетысуского края Российской империей и выявлено, что казахские племена, населявшие этот регион оказали вооруженное сопротивление.

В статье определено значение исторических произведений поэта в раскрытии вооруженного сопротивления казахских племен, населявших Жетысуский край в период российской колонизации. Во-вторых, установлено, что исторические события и указанные периоды времени, действия исторических деятелей точно и правдиво представлены в произведениях И.Жансугурова, хотя поэт не являлся профессиональным историком. В-третьих, подробно раскрыты действия и происхождение Сыбанкула Ханкожаулы, принадлежавшего к роду торе, но возглавлявшего восстание рода найман против русской колонизации. В-четвертых, автор статьи считает, что поэт И.Жансугуров был хорошо знаком с произведениями Мурата Монкеулы и Махамбета Отемисулы, живших в XIX веке. В-пятых, на основе исторических сочинений И.Жансугурова уточнены темы, на которых в дальнейшем будет сосредоточено внимание и которые будут рассматриваться как объекты исследования: 1) Сопротивление русскому завоеванию рода матай, живших между реками Лепсы и Каратал; 2) Сопротивление рода албан русскому завоеванию; 3) Сопротивление рода дулат русскому завоеванию; 4) Влияние Кокандского ханства и российско-кокандские отношения в Жетысуском крае в период российской колонизации; 5) Участие казахов Жетысуского края в национально-освободительном восстании под предводительством Кенесары Касымулы.

В статье подчеркивается, что богатое наследие, оставленное великим поэтом, должно изучаться не только литераторами, но и историками. Это будет способствовать комплексному изучению политики колонизации Жетысуского края Российской империи, начавшейся в середине XIX века и продолжавшейся до первой четверти XX века. Кроме того, это внесет большой вклад в развитие краеведения и воспитание подрастающего поколения.

Ключевые слова: Жетысу, Российская империя, колонизация, найман, садыр, матай, албан.

Кіріспе

Қазақ қоғамы, көзі қарақты қалың оқырман «Үш бәйтеректің» бірі Ілияс Жансүгіровті «Поэзия Құлагері» деп таниды һәм жыр сүйер қауымның қиялына қанат бітіретін нағыз суреткер ақын, қарымды журналист ретінде біледі. Дей тұрғанмен Ілиястың тарихи тұрғыда жазған шығармаларының да бар екендігін атап өткіміз келеді. Бірақ, оқырман қауым көп жағдайда ол жағынан бейхабар екендігі рас. Оның бірнеше себебі болды. Соның негізгісі Сталиннің билігі тұсында орын алған 30-жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін. Қазақ халқының басына түскен бұл нәубет қаншама арыстарымыздың басын жұтты. 1953 жылы Сталиннің өлімі мен оның жеке басына табынуды айыптаған КОКП XX съезінен кейін елде орнаған «жылымық» жылдарға байланысты жазықсыз жала жабылған С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтың және т.б. халқымыздың арыстары ақталып, жұртына есімдері мен қоғамдық-саяси қызметі, артына қалдырған әдеби мұралары қайтарылды. Бұл жерде халқымыздың «бес арысы» мен Алаш зиялылары және тағы басқа есімдері белгілі тұлғалар туралы сөз басқа. Олар тек 80-жылдардың соңында ғана ақталған болатын. Міне, көріп отырғанымыздай жиырма жылдай шығармашылық мұралары тұрмақ, аттарын атауға рұқсат етілмеуі басты себебі деп айта аламыз. Екіншіден, Тәуелсіздік алғаннан кейін маркстік-лениндік методологиядан, таптық принциптен бас тартып, өткен тарихымызды ұлттық мүдде, жалпы адамзаттық өркениет тұрғысынан қарастыра бастадық. Осы үрдіс барысында Ілияс Жансүгіровтың шығармашылық мол мұрасына негізінен әдебиет саласының мамандары көңіл аударды. Ал тарихшылар болса Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне басымдық берді.

Ілияс Жансүгіровтың тарихи тұрғыда жазылған еңбектеріне қатысты мәселе Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әбілхан Әбіласанның 2001 жылы жарық көрген «Жетісу. 1730-1916.» (Жансүгіров, 2001: 178) жинағы жарық көргеннен кейін қозғала бастады. Аталған жинақта Жетісу жеріне Ресей тарапынан жасалған отарлау саясаты мен оған қарсы болған көтерілістер туралы Ілиястың қолынан туған шығармалары төте жазудан кирилицаға аударылып берілген. Ол туралы жинақты құрастырушы автордың өзі алғы сөзінде былай дейді: «Ілияс ақын да Жетісу көтерілістері туралы ұрпаққа

үлкен тарихи деректі мұра қалдырыпты. Ел аузынан, мұражай құжаттарынан қыруар деректер жинаған. Бұл, шамасы, жиырмасыншы жылдардың бас кезі. Аталған дүниелер кезекті сәтін күтіп жүргенде жиырмасыншы жылдардың соңғы кезеңіндегі сойқандар, одан отызыншы жылдардың ойраны келіп жетеді. Жинақталған дүниелер ақынның жеке мұрағатында қала береді. Нәубетті сәттерде бұл шығармалардың аман қалуына ақын шапағатын көрген кісілер себепші болған көрінеді. Олар бертінге дейін қызыл саясат тырнағынан алып қалып отырған. Қорғап, сақтай білген. Қып-қызыл «өрттен» аман шыққан бұл тарихи дүниелер – тақырыбы жағынан біртұтас сабақтас, өзектес, нақтылы, деректі еңбектер» (Жансүгіров, 2001: 3). Шынында да құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтің аталған жинаққа енгізілген шығармаларында Ресей империясының отарлау саясатын нақты деректермен, болған оқиғалар мен куәнамалар арқылы таныстырады.

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазылып, жарты ғасырдан астам уақыт ұмыт болған Ілияс Жансүгіровтың тарихи шығармаларының өмірге қайта келуі жұртшылық үшін, қалың оқырман үшін халқымыздың қасірет тартқан тарихымен барынша жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан, осы мақалада мақсат етілген Ресей империясының Жетісу жерін отарлауы мәселесіне тоқталмас бұрын, «Жетісу. 1730-1916.» атты жинаққа қысқаша шолу жасап өтеміз. Жинақта мынадай үлкен еңбектер топтастырылған және қызығушылық танытқан зерттеушілер болса оның араб ғарпімен жазылған қолжазбаның түпнұсқасымен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен көруге һәм танысуға, өз зерттеулерінде пайдалануға болады: «Өмірбаяным» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 1-іс), «Жетісу өлкесін орыс алуы» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс), «Ұзынағаш соғысы» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс), «Жаркент оязында» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 56-іс), «1916 жыл деректері» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс), «Лепсі оязында» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс), «Қара бауыр» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 65-іс). Мұқият қарайтын болсақ, қазақ жерін жүз елу жылға созылған Ресей империясының отарлау саясатын жүйелі түрде қарастырғанын байқаймыз. Әрине, басымдық Жетісу өлкесін отарлау саясатына және оған аталған өңірді мекеңдеген қазақ руларының қарулы қарсылығы, 1916 жылғы жаппай қарулы көтеріліске қатысты мәселеге басымдық берілгендігін көреміз. Себебі, Ілияс Жансүгіровтың туып өскен жері

Жетісу болғандықтан, осы мәселеге қатысты көптеген мәліметтерді жетік әрі терең білуі болса керек.

Аталған мақалада Әбілхан Әбіласанның «Жетісу. 1730-1916» атты аударма жинағына енген құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты еңбегі тарихи тұрғыда қарастырылады. Сондай-ақ, тек ақынның осы еңбегі аясында болашақта қандай мәселеге көңіл аудару керектігіне қатысты тақырыптар анықталып, болашақ зерттеушілерге ұсынылады. Мәселенің зерттелуіне үнілетін болсақ, Жетісу өңірін отарлау үрдісі әскери-казактық және аграрлық тұрғыда жүзеге асқандығын анық көреміз. Сонымен қатар, мәселеге көңіл аударған тарихшы-ғалымдар мен зерттеу еңбектерінің көптігіне байланысты олардың ең негізгілеріне тоқталуды жөн көрдік. Әлбетте, алғашқылардың бірі ретінде Алаш қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхановтың «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» (Бөкейханов, 1995: 45-65), Кеңес өкіметі тұсында П.Г.Галузоның «Туркестан – колония (Очерк истории Туркестана от завоевания до революции 1917 года)» (Галузо, 1929: 162) атты еңбегін және осы зерттеуін толықтырып 1935 жылы Ташкент қаласында баспадан шығарған «Туркестан – колония (Очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии)» (Галузо, 1935: 222) атты еңбегін ерекше атауға болады. А.Б.Тұрсынбаевтың «Из истории крестьянского переселения в Казахстан» (Тұрсынбаев, 1950: 102) еңбегі де аса маңызға ие.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қоғамдық-саяси һәм мәдени салада болып жатқан деколонизация үрдісі тарих ғылымында да көрініс тапты және күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болды. Көптеген тарихшы-ғалымдар XIX ғасырда Ресей империясының Жетісу өңірін отарлауына байланысты мәселеге өз зерттеулерін арнады, солардың ішінде айрықша маңызға ие М.Ж.Әбдіровтың «История казачества в Казахстане» (Абдиров, 1994: 160) және «Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость (Из истории военно-казачьей колонизации края ХУІ – начала ХХ вв.)» (Абдиров, 2000: 204), М.Қ.Қойгелдиевтің «Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.)» (Қойгелдиев, 2004: 216) – деген еңбектерін айрықша атап өтуге болады.

Қарастырып отырған кезеңге қатысты шетелдік зерттеушілер мен олардың еңбектері туралы «Қазақстан тарихы» академиялық жинағының үшінші томында біршама жақсы

талдаулар жасалған (Қазақстан тарихы, 2002: 48-61). Аталған бөлімде орыс әскерлерінің Орта және Ұлы жүз қазақтарының жерін жаулап алуының, әскери шептер мен бекіністер салудың негізгі кезеңдерін егжей-тегжейлі суреттеген зерттеушілердің қатарына Ч.Кортель, Дж.Феррье, Ф.Барнаби, Ю.Скайлер, Я.Мак-Гахан, Х.Стаммды жатқызады. Бұл туралы толыққанды мәлімет тарихшы-ғалым К.Л.Есмағамбетовтың докторлық диссертациясында жан-жақты қарастырылған (Есмағамбетов, 2000: 685).

Зерттеу әдістері

Тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылдан кейінгі кезеңде төл тарихымызға деген көзқарас өзгеріп, оны ұлттық мүдде тұрғысынан, гуманистік тұрғыдағы өркениеттілік принципіне негіздеп жазу үрдісі бірінші кезекте тұрды. Әсіресе, 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы» дайындалып, қоғамға ұсынылғаннан кейін тарихшы-ғалымдардың алдына жаңа міндеттер қойды. Ол дегеніміз тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге жаңа көзқарастар тұрғысынан дербес, тың-ой-пікірлер мен тәуелсіз жаңа тұжырымдар жасау тұрды. Оның себебі де қалың оқырманға түсінікті еді, яғни кеңестік кезеңдегі жоғарыдан жасалатын қысым, маркстік-лениндік методология шеңберіндегі таптық принципке негізделген қатаң бақылау болды. Мәселеге осы тұрғыдан келе отырып, мақаланың жазылу барысында тарих ғылымында кеңінен қолданылып жүрген әдіснаманың (методологияның) негізгі бағыттары болып саналатын проблемалық, тарихилық, объективтілік негіздегі ғылыми таным принциптері кеңінен қолданылғанын атап өтеміз. Аталған бағыттарға жататын жүйелеу, талдау, логикалық қорыту әдістерін (метод) қолдану шынайы ақиқатқа жетудің басты шарттары ретінде саналатыны белгілі. Сондықтан мақалада аталған әдіснама мен әдістерді барынша тиімді қолдануға тырыстық. Мақалада кеңінен қолданылған бұндай әдістердің барысында «Жетісу. 1730-1916» атты жинаққа енген құлагер ақын І.Жансүгіровтың «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты тарихи шығармасындағы мәселелерді анықтауға өзіндік септігін тигізеді.

Екіншіден, ауызша тарих айту дәстүрі бағытын да қолдануға тырыстық. Өйткені, Ілияс Жансүгіровтың орыс отарлауы, 1916 жылғы көтеріліс туралы мәліметтерді халық

арасындағы ауыз-екі әңгімелер мен өлең жолдары арқылы келтіріп отыруы жиі кездеседі. Мәселен, XIX ғасырда өмір-сүрген ақын-жыраулардың өлеңдерінде жиі кездесетін «аузы түкті көуірдің» деген сөз тіркесі, құлагер ақын Ілиястың да орыстарға қарата айтқаны ұшырасып отырады. Атап көрсетілген әдіснама мен әдістердің барлығы тақырыпты ашуға өз септігін тигізетіндігі анық та айқын.

Талдау мен нәтижелер

Өлеңсүйер қауымның қиялына қанат бітіретін нағыз суреткер ақын, қарымды журналист, әдеби жанрда көркемдік қуаты мығым туындылар жазған Ілияс Жансүгіров – өз уақытының өзекті мәселелеріне де араласқан қайраткер тұлға. XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ ұлттық зиялыларының қай-қайсысының да бойындағы көпқырлылық, заман талабына сай шыңдала түскен әмбебаптық Ілиясқа да тән еді. Кенжелеу қосылғанымен аз ғана жылдар ішінде ол өзінің ұлттық сөз өнеріндегі эпикалық дәстүрдің озық үлгілерімен дамытқан әйгілі поэмаларын жазды. Көркем аударма жасады. Әдебиет тарихын зерттеуде, Абайтануда ғылыми негізді еңбектерімен қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуына қатысты. Өлке тарихына қатысты мәселелерде, соның ішінде Жетісу жерін патша өкіметінің отарлау барысы мен оған қарсы орын алған қарулы бас көтерулер, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер туралы тамаша еңбектер жазып қалдырды. Ауылда өсіп, тұрмыстың қиындығын басынан өткізген Ілияс Жансүгіров өзінің ынтасы, оқуға, білімге деген құштарлығы мен Алла тағала берген дарыны мен таланты арқасында алты Алашқа белгілі, халқының аяулы перзенті ретінде тарихта қалды.

І.Жансүгіровтың ақындық дарыны құдайдың өзі берген туа бітті дарыны екендігі ешбір талас тудырмайды. Ал журналистикаға, әдебиетке деген ынтасының, құштарлығының арқасында бұл салаға қатысты дүниелері тек азамат соғысы аяқталып, Кеңес өкіметі түпкілікті орнағаннан кейін жазылып, жарыққа шыға бастады. Әрине, оған кейіннен алған білімі де өзінің ықпалын тигізгендігі рас. Ол туралы ақынның 1928 жылы жазған «Өмірбаяным» (Жансүгіров, 2006: 17-23) деген мақаласында жан-жақты атап көрсетеді. Жас кезінде тұрмыстың ауыр тауқыметін тартқандықтан білімге толыққанды қол жеткізу мүмкін болмағандығын былайша баяндайды: «Жансүгір әкем. Көзі тірі. Жылы – жылан. Биыл 71-де. Жарым көшпелі, жұқана шаруа...

Намазды «дұрыс оқырлық» мұсылманшасы бар. Ескі пікірлі адам» (Жансүгіров, 2006: 17). Алғашқы әліп-биді әкесінен оқып, иман шарттан бастап, Құран оқуды үйренген. «Қыстың ұзын түндерінде білтелі шамның жарығында бір шыбықты ала отырып, мені тізеге алушы еді» (Жансүгіров, 2006: 17), – деп есіне алады. Құлагер ақын әкесінің оқытудағы мақсатын: «Бү дүние үшін қолында қой-серкештік хаты болса, о дүние үшін аузында иманы болып, бес мезгіл намазы болса – сол еді» (Жансүгіров, 2006: 17) дейді.

Содан кейін 2010 жылы 15-16 жасында атақты «Мамания» мектебін ашқан Тұрысбек-қажы ауылында Бұхара-и-шәріптен оқып шыққан Қасен молладан білім алады. Бірақ ол жерде небәрі бір жарым айдай уақыт оқиды.

1912 жылы «Қыли мектебінде» ноғай мұғалімінен білім алады. Бұл мектеп сол кездегі Қазақстанда кеңінен тарала бастаған Қырым татары, «Тәржіман» газетінің бас редакторы Исмайыл Гаспралы негізін қалаған «Жәдид» қозғалысының негізінде құрылған «жәдидше» оқытатын мектеп еді. Бұнда да ұзақ тұрақтамай, небәрі төрт жарым айдай оқиды. Осыдан кейін әкесі де Ілиястың білім алуын жөн көрмеді. Ол туралы құлагер ақын былай деп еске алады: «Одан кейін әкем аяғымды шырмады. «Бас қусыру» үлкен мақсат болды. Бір үйдің шаруа жүзіндегі сүйенген азаматы болдым. Егін, пішен, арық-тоған, жаз жұртпен бірге тіршілік ету, аз малды қыстан аман алып шығу – мойнымда болды. Оқу талабы біржола сөнді. Еске келмеді. Келгенмен де көзсіз көбелектей соқырдың барар жері, басар тауы болмады.

... Өмір жүзінде мұқтаждықта қалдым. Қолда көк тиын жоқ. Жаяу. Не киім. Не тамақ жоқ. Тіршілік әр нәрсеге ұрындырды. Кейбіреудердің баласын оқыттым. Менің бұл күйім – 1913-1918 жылдар арасы» (Жансүгіров, 2006: 18-19). Міне, осындай өмір тауқыметін тартқан құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың жастық шағы осылай өткен болатын.

Қазақ тарихына қатысты деректік, құжаттық негізде зерттеу жүргізгендігі – ақынның елінің игілігі үшін жасаған еңбегі болып табылады. Аталған «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты мақаласы Жетісу өңірінің Ресей империясының қол астына өтуі, өңірді қоныстанған қазақ руларының сол уақыттағы көңіл-күйі егжей-тегжейлі сипаттаулармен басталады.

Бір бөлігі Қытайға өткен, бір өңірін Қоқан билігі талаған, бір аумағы екпіндей жеткен Ресей әскерінің иелігіне өткен, жері талапайға

түскен Жетісуды мекендеген қазақ руларының ахуалын жан-жақты ашып көрсетуге, түсінуге септігін тигізетін мәліметтер мен пайымдаулар бар. Оларды мұрағат құжаттарымен салыстыра зерттеу бүгінгі күннің талабы болмақ.

Құлагер ақын І.Жансүгіровтың туып-өскен кезеңі патшалы Ресейдің отарлық саясатының ең бір күшейген кезеңіне тұспа-тұс келді. Бұл кезде қазақ халқын ұлт ретінде жоюдың қитұрқы әдістерін қолданған рухани отарлау саясаты пәрменді жүріп жатқан болатын. Патшалы Ресей тарапынан қазақ жерін отарлаудың соңғы әрі сәтті кезеңі еді. Жалпы Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатының тарихын кешенді түрде қарастырған кезде ол үдеріс үш кезеңге бөліп жүргізілгендігін атап өтеміз.

Бірінші кезең – 1730 жылдан 1867-1868 жылдардағы әкімшілік басқару реформасына дейінгі аралықта жүзеге асырылып, «әскери-казактық отарлау» деп аталады. Бұл кезеңде Ертіс, Тобыл, Жайық өзендері бойында әскери бекіністер мен әскери шептер салынып, күшпен басып алуды жүзеге асырды (Қазақстан тарихы, 2002: 305-311). Сөйтіп, орыстардың басқыншы әскері мысық табандап оңтүстікке қарай, яғни Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірлеріне жылжыды.

Екінші кезең – 1867-1868 жылдардан бастап XX ғасырдың басына дейінгі уақытта жүзеге асырылды. Бұл кезеңді «аграрлық отарлау» деп атауға болады. Өйткені қазақ жерін толығымен отарлауды аяқтап, әкімшілік-басқару реформасын жүргізе отырып, қазақтың шұрайлы жерлеріне орыс шаруаларын, мұжықтарын жаппай қоныстандырды (Турсунбаев, 1950: 24-30). Оның қарқынды жүруінің бірнеше себептері болса, соның бірі қазақ өлкесінде өздерінің әлеуметтік тірегін қалыптастыруды ойластырса; екіншісі, 1861 жылы Ресейдегі крепостниктік езгінің жойылуы. Еркіндік алған орыс мұжықтарын қазақ жеріне көшіру арқылы ішкі Ресейде әлеуметтік, революциялық толқуларды болдырмау.

Үшінші кезең – XX ғасырдың басынан 1917 жылға дейінгі аралықты қамтитын қандай да бір халықты ұлт ретінде жоюдың соңғы сатысы болып табылатын «рухани отарлау» саясатын мықтап кірісті. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен табиғи байлығына иелікетіп қоймай, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлады. Яғни, халықты тілінен, дінінен, ділінен біртіндеп айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шараларды жүзеге асырды. Бұған қарсылық ретінде қазақтың оқыған, тоқыған көзі ашық,

көкірегі ояу азаматтары жеке бастарын бәйгеге тігіп, күрес жолына шықты. Әлбетте, олар бірден саяси күрес жолына шықпас бұрын алдымен қазақ халқын білімге, мәдениетке шақыра отырып, шығармашылық күрес түрін таңдады. Қазақ зиялылары әр түрлі мамандық иесі бола тұрса да өлең, шығарма, әңгіме түрінде жинақ шығарып, газет-журналдар шығарды. Солардың ішінде М.Дулатовтың 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы мен оған эпиграф ретінде алынған:

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты»
(Дулатов, 1991: 19), –

деген шумақ қазақ халқының басына төнген қиындық пен қасіретті нақты көрсеткен болатын.

Атап көрсетілген алғашқы кезеңге жататын кең ауқымда жүргізілген әскери отарлаудың мәресі болған Жетісу және Оңтүстік Қазақстан өңірлерін басып алу XIX ғасырдың 40-60 жылдарына түс келді. Оған 1837-1847 жылдары Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық көтерілістің күшпен басып жаншылуы тікелей жол ашты.

XIX ғасырдың 40-50 жылдары орыс әскерлері Сібір (Омбы) арқылы Жетісу жеріне басып кіріп, аталған аймақта әскери бекіністерін тұрғызды және ондағы қазақ рулары бұған жауап ретінде қарулы көтеріліске шықты.

Патшалы Ресей билігі 1822 жылы Орта жүзді толық бағындырып, ол аумақтағы дәстүрлі билікті, яғни хандық билікті жойды. Бұл оқиға Ілияс Жансүгіровтың «Жетісу өлкесін орыс алуы» (Жансүгіров, 2001: 10-34) еңбегінде былайша сипатталады: «Ол уақытта Орта жүз рулары Сібірден Жетісуға қарай қоныстанушы еді. Кіші жүзге қарағанда Орта жүз тыныштырақ болды ...Абылайдың Уәли деген баласын ел хан деп танымай (Уәлиді орыс үкіметі бекіткен еді), ырың-жырың болды. Орыс үкіметі мұны пайдаланып, ел билеу жөнін өзгертуге керек болды. Барлық хандық лауазымын жойып, оның орнына 1822 жылы Сібір қазақтарын басқаратын зақун («Временные правила по управлению сибирскими киргизами») шығарды» (Жансүгіров, 2001: 14-15).

Бұл реформа бойынша «азиялық Ресей екі генерал-губернаторлық: орталығы Тобыл болған Батыс Сібір, орталығы Иркутск болған Шығыс Сібір генерал-губернаторлығына

бөлінді. Біріншісіне Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы облысы жатқызылды» (Ремнев, 1995: 95). Сонымен, Ресей бодандығында болған Орта жүз аудандары соңғысының, яғни Омбы облысының құрамына қосылды. Қазақ рулары үш сатыдан тұратын – округ (дуан), болыс және ауыл әкімшілік бірліктерге ендірілді. Бұл жаңа құрылым бойынша: ауыл – 50-ден 70-ке дейін шаңырақ, болыс – 10 ауылдан 12-ге дейін ауыл, округ (дуан) – 15 болыстан 20 болысқа дейін болып бекітілді (Жансүгіров, 2001: 15). Бұндай әкімшілік-басқару құрылымының негізгі мақсаты ежелден қалыптасқан рулық басқару жүйесін іс жүзінде жоюды көздеді. Келтірілген осы мәліметтерге мұқият назар аударатын болсақ Илияс Жансүгіровтың еңбегінде фактілер, оқиғалар жан-жақты әрі шынайы, дәлме-дәл сипатталғанын анық көреміз. Бірақ, келтірілген мәліметтерге тарихи талдаулар мен қорытындылар жасалмаған. Сондай-ақ, келтірілген мәліметтерге сілтемелер берілмеген. Бұдан шығатын қорытынды Илияс Жансүгіровтың кәсіби тарихшы болмағандығында болса керек. Өйткені, оның ақындығы мен жазушылығы алдыңғы орынға шыққандығы деп білеміз.

XIX ғасырдың екінші ширегінде қазақ жерін әскери-казактық отарлаудың шешуші кезеңі болғандығы шындық. 1822 жылы Орта жүзде хандық билікті жойған «Сібір қырғыздары туралы жарғыдан» кейін көп ұзамай 1824 жылғы Кіші жүзде дәстүрлі хандық билікті жойған «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» қабылданды. Орта жүз бен Кіші жүз толықтай Ресей империясының қол астына өтті. Ендігі кезекте Ұлы жүз қазақтары мен Орта жүздің найман руларының бір бөлігі орналасқан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерін басып алуға дайындық басталды. Орыс әскерінің басты шоғырланған жері Орынбор және Сібір (Омбы) болды да, аймаққа тереңдей шабуыл жасау осы екі бағыттан басталды. Әрине, оны жүзеге асыруда тұрақты әскери бөлімдермен қатар орыс-казактарынан жасақталған әскерилер ерекше рөл атқарды.

Орынбор жағынан шыққан орыс әскері Ақмешіт бағытына, ал Сібірден жылжыған әскер Жетісу жеріне келіп кіреді. Ол жерлерге табан тіреу мақсатында бекіністер ірге тебеді: «Баянауыл (1826 ж.), Ақмол және Көкпекті (1827 ж.), Атбасар (1846 ж.), Аягөз (1831 ж.), Қапал (1847 ж.)» (Қазақстан тарихы, 2002: 308). Аягөз бекінісі мен округін ашудың себебі мен оның маңызын Илияс Жансүгіров былайша атап көрсетеді: «Аягөз қаласының орны Ресейдің

Сібірден Қытайдың Құлжасы мен Шәуешек қаласына жүргізілетін екі үлкен сауда жолының дәл түйіскен жерінде еді. Сондықтан бұл жерден округ ашу орысқа ең керекті жұмыс болды. 1831 жылы Аягөз округі жасалды» (Жансүгіров, 2001: 16). Сондай-ақ, бұл округтың құрылуы орыстың Жетісу табалдырығын алғашқы аттағаны болды, – деп жазады.

Ресейдің басқыншы әскерін Ұлы жүз аумағына (Жетісу, Оңтүстік Қазақстан) басып кіруін біршама уақытқа тежеген Бөкей Ордасындағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы және бүкіл қазақ жерін қамтыған Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістер орын алды. Отандық тарихнамада атап көрсеткен ұлт-азаттық көтерілістер, сондай-ақ, олардан басқа ірілі-ұсақты көтерілістер туралы зерттеулерде айтылып та, жазылып та жүр. Илияс Жансүгіровтің еңбегін қарастыру барысында Жетісу жерінде де орыс жаулауына қарсы матай, садыр руларының қарулы қарсылығы болғандығын атап өткіміз келеді. Әсіресе, ақын шығармасындағы Сыбанқұл бастаған көтеріліс жайындағы мәліметті назардан тыс қалдыруға болмайды. Илияс Жансүгіров ол туралы, оның қарулы қарсылығы қандай маңызға ие болғандығы туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Аягөзге орыс әскері келген кезде Сыбанқұл өзіне қараған елмен Тарбағатай тауын Қытайға қарай аса қонып алып орысқа, орысқа қарағандарға тоқтаусыз шабуыл жасап тұрды. Құлжа, Шәуешек жолындағы орыстың сауда керуендерін талап, сауда жолын кесті.

... Шатақ бірталай жылға созылды. Сыбанқұл қозғалысы себебінен Аягөзден Жетісу ішіне қарай орыс бір дәуір жылға шейін ілгері баса алмай қалды» (Жансүгіров, 2001: 16-17). Мәлімет қысқа болса да, қорытынды ақын тарапынан нақты әрі дәлме-дәл жасалған. Өйткені, жалпыұлттық қозғалыс болған Кенесары Қасымұлының көтерілісі Ресейдің басқыншы әскерін тек Оңтүстік Қазақстанға ғана емес, бүкіл Орта Азия аумағына қарай жылжуын біршама уақытқа кейін шегерді. Ал Сыбанқұл бастаған көтерілістің болған уақыты қолда бар мәліметтерге сүйенсек 1834-1839 жылдарды қамтиды.

Тарих ғылымында генеалогия деген маңызды сала бар. Оның маңызы туралы зерттеушілер өз еңбектерінде тоқталып, қысқаша түрде мынадай анықтама береді: қазіргі уақытта генеалогия арнайы ғылыми пән ретінде жекелеген индивидтердің, отбасылардың, рулар мен рулық топтардың шығу тегін және

олардың уақыт пен кеңістіктегі туыстық байланыстарын анықтаумен айналысатын тарих ғылымының маңызды көмекші саласы болып табылады (Советская историческая энциклопедия, 1963: 189-190). Сондықтан Илияс Жансүгіровтың шығармасындағы осы айтылған тарихи тұлға – Сыбанқұл дегеніміз кім, оның шежіресі қалай таратылады деген сұраққа азкем тоқталып өтсек. Сыбанқұл Ханқожаұлы – қазақтың шығыс өңіріндегі Ресейдің отарлау саясатына ашық қарсы шығып, қарулы қарсылық көрсеткен бірден-бір тарихи тұлға. Сыбанқұлдың әкесі Ханқожаның шығу-тегін тарихшы-ғалым И.В.Ерофеева өзінің «Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники)» деген еңбегінде былайша көрсетеді: «Жәдік (Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы – Е.Б.) – Шығай (1580-1582 жж. қазақ ханы – Е.Б.) – Есім (1598-1628 жж. қазақ ханы – Е.Б.) – Тәуке хан (1680-1718 жж. үш жүздің ханы – Е.Б.) – оның үлкен ұлы Болат (1718-1729 жж. қазақ ханы – Е.Б.) – оның ұлы Әбілмәмбет (Үш жүздің және Орта жүздің ханы – Е.Б.) – оның ұлы Әбілпейіз (наймандардың құрамына кіретін қаракерей руының билеушісі – Е.Б.) – оның үлкен ұлы Ханқожа» (Ерофеева, 2003: 151). Ал Ханқожадан Сыбанқұл туады. Бірақ бұл жерде тарихи шындықтың беті былайша сөйлейді. Шынында Сыбанқұлдың әкесі Ханқожа Әбілпейізге өгей бала болып келеді. Ол туралы мәліметті шежіреші Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих хамса» («Бес тарих») еңбегінде былай дейді: «Наймандардың билеушісі болған Барақ сұлтан (Тұрсын ханның ұлы) өлгенде, оның жесірі Шаған ханыммен бірге ілесіп келген Барақтың баласы болғанымен, өзі Әбілпейізді әке деп қабылдаған» (Халид, 1992: 169). Ақыры орыс билігі 1939 жылы Сыбанқұл Ханқожаұлын тұтқынға алып, оны «қатын-баласымен Семей арқылы Томскі губерниясына жер аударды. Сол айдау жолында 1841 жылы Сыбанқұл өледі» (Жансүгіров, 2001: 17). Орыс бодандығына басын имей, орыстың басқыншы әскерінің Жетісуға тікелей апаратын жолында бөгет болған Шығыс өңірінің қалың жұртын отаршыл саясатқа қарсы көтерген ержүрек Сыбанқұл сұлтанның Кеңесары сұлтанмен қарым-қатынасының қалай болатындығын болашақ зерттеулер анықтайтын болады.

Сонымен қатар Илияс Жансүгіров Сыбанқұл мен оның қарсыласы әрі бәсекелесі, 1831 жылы Аягөз округінің аға сұлтаны болып сайланған Сартпен арадағы текетіресті баяндайды. Сарт

орыс билігіне арқа сүйесе, ал Сыбанқұлдың орыс билігіне қарсы шыққан жоғарыда айтып өттік. Бұл арада Сарт Шаған ханымнан туатын Әбілпейіздің өз баласы Жошының ұлы. Екі тарихи тұлға туралы олардың замандасы әрі орыс шенеунігі Беленицкий Омбы облысы басшысына 1832 жылы қыркүйекте мынадай мәлімдеме жібереді: «Тәкәппар, көмек іздегендерге жайсаң, достарына адал, жауларына қорқынышты, іс-әрекеттерімен еліне сыйлы, қандастары арасында даңққа бөленген Сыбанқұл, өзіне деген халықтың құрметіне масаттанып, Сарт сұлтанмен округ билігі үшін бәсекеде болды. Сыбанқұл барымтамен, қарақшылық жортуылмен айналысып, Сартты әрекетсіз адам деп кінәләйтын. Саясатқа жүйрік Сарт оның билікке ұмтылған ниетін жақсы білетін, сондықтан күшпен емес, ақылмен қарсы амал қарастыратын. Нәтижесінде, қашандағыдай ұрда-жық адуындықты айлалы ақыл жеңіп шықты» (Асылбеков, Базарбеков, 2015), – деп Сыбанқұл мен Сартқа мінездеме берген. Ал бұл берілген мәліметтің авторлары оны Н.Я.Коншиннің 1905 жылы Семей қаласында жарыққа шыққан «Материалы для истории Степного края» еңбегінен алғандығын атап көрсетеді. Еңбектің шыққан жылына назар аударсақ, Илияс Жансүгіровтың өмір сүрген жылдарымен сәйкес келетіндігі және қол жетімді болғанына көз жеткізе түсеміз. Сондықтан нақ осы еңбектер ақын зерттеуіне арқау болғандығы, пайдаланғандығы дау тудырмаса керек. Жоғарыда атап өткеніміздей Илияс Жансүгіровтың тарихи шығармасында берілетін мәліметтерге сілтеме берілмесе де, аталған оқиғалар, жылдар, тарихи тұлғалар туралы деректердің нақты берілуі тәнті етеді.

Сыбанқұл Ханқожаұлы тұтқынға алынғаннан кейін оның қол астындағы рулардың сағы сынып, орыстың айдауына көнуге мәжбүр болады. Ол туралы Илияс Жансүгіров былайша мәлімет береді: «Сыбанқұлдың қолға түсуі елірген елдің жығасын түсіреді. Орыс үстемдігін көтереді. Қытайға қарай сырғып көшкен ел өз қоныстарына қайта қонады. Сыбанқұл бастап жүрген рулар орысқа қарауға ұсыныс қыла бастайды. Орыс «ауыл», «болыс» жасауға кіріседі. Қаракерей, Садыр тып-тыныш орысқа қарайды. Бұлардың ішінен болыстар жасалып, сұлтандар тұрады» (Жансүгіров, 2001: 17). Ал қаракерей, садыр руларымен бір туған матайлар болса орысқа бағынбаймыз деп, Ілеге қарай үркіп, үдере көшеді. Олар осы үріккен бетімен Матай тауы атанған жерге жетіп, сол өңірге қоныстанады. Бүгінгі күнде Матай тауы немесе

жотасы – Жетісу (Жоңғар) Алатауының қиыр оңтүстік шетіндегі жоталар тобы болып табылады. Ол оңтүстік-батысында Шолақ тауымен, солтүстік-шығысында Алтынемел жотасымен шектеседі. Ендік бойымен алып қарасақ, 40-45 шақырымға созылып жатыр.

Нақ осы оқиғалар құлагер ақынның қаламынан былайша өрбиді: «Бұл кезде Орта жүздің Матайдан басқа рулары орысқа әбден қол қойып, бағынып, орныққан кезі еді. Орысқа қараған елдің көңілі: «Аузы түкті кәуір алған соң малында билік, басында ерік болмайды» деген түсінікпен шошымалдана бастады. Ішкі ойы орысқа сенбеді. Бүгін солдат алмаса да, түбінде солдат алады деді. Сол замандағы өлең деп үлкен кісілер мынаны айтады:

Өскенбай мен Құнанбай бай-батырсың.
Әрі салдат алған жоқ, жай жатырсың.
Орысекең орнығып алғаннан соң
Бозбалаңды бойдақтай айдатарсың»
(Жансүгіров 2001, 17-18).

Бұл жерде Ілияс Жансүгіровтың Матай руларының орыс басып алуына қарсы қарулы қарсылығы, көтеріліске шыққан матай руының бір бөлігін Қыдырәлі Тәнеке батырдың басқаруы жайында, Тәнеке батыр мен Кенесары ханға сатқындық жасаған Рүстем төре арасындағы шиеленіс туралы мәселелер болашақ зерттеуімізге арқау болмақ.

Бізді қызықтыратыны құлагер ақынның жерінді, малынды «аузы түкті кәуір алған соң» деп айтқан сөз тіркесі. Ол сөз тіркесі XIX ғасырда тарих сахынасына шыққан, Ресей империясы отарлаушыларының озбырлығы мен сүрқия саясатын өз өлең-жырларында жан-жақты суреттеген «Зар заман» ақындарының өлеңдерінде жиі ұшырасады. Мысалы, Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» атты толғауында:

«Аузы түкті кәуірдің,
Басы шошақ қалмақтың
Қанын судай төккен жер»
(Мөңкеұлы, 2013: 9), –

деген жыр жолдары кездеседі.

Азат рухтың күрескері, арқалы ақын Махамбет Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген өлеңінде былай дейді:

«Исатайдың барында
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.

Шабытымыз келгенде,
Аузы түкті кәуірдің
Шетінен сүйреп жеп едік»
(Өтемісұлы, 2003: 97),

Бұдан шығатын қорытынды, біріншіден, бұл сөз тіркесі сол уақытта қазақ қоғамы арасында кеңінен тараған болса керек. Екіншіден, Ілияс Жансүгіровтың аталған Махамбет пен Мұрат сынды ақындардың өлең-толғауларымен жақсы таныс болғандығын көрсетеді. Осы арада атап өтуге тұратын тағы бір мәселе, құлагер ақын Ілиястың болашақта қазақ қоғамын не күтіп тұрғанын дәл болжай алуында. Яғни, ел басқарып отырған болыс-сұлтандарға құлаққағыс ретінде келешекте қазақ жастарынан солдатқа әскер алып, соңы үлкен бүліншілікке ұрындыратынын айтқаны.

Ілиястанушы Әбілхан Әбіласанның араб ғарпінен аударып, жинақ ретінде шығарған І.Жансүгіровтың «Жетісу. 1730-1916» атты еңбегіндегі «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты мақаласында Ресей империясы тарапынан жүргізілген әскери экспанциясы кеңінен қарастырылған. Ондағы қамтылған оқиғалар мен мәліметтердің барлығын бір мақала көлемінде талдау мүмкін емес. Болашақта аталған мақала негізінде мынадай мәселелерге көңіл аударып, зерттеу объектісі ретінде қарастыратын тақырыптарды көрсетеміз: 1) Лепсі мен Қаратал өзендері арасын мекендеген матай руларының орыс басып алуына тегеурінді қарсылығы; 2) Орыс басып алуына қарсы албан руларының қарсылығы; 3) Орыс басып алуына қарсы дулат руларының қарсылығы; 4) Орыс басып алуы барысындағы Жетісу өңіріндегі Қоқан хандығының ықпалы және Ресей-Қоқан қатынастары; 5) Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске Жетісу өңірі қазақтарының қатысуы.

Аталған тақырыптар туралы тек ғылыми мақалалар жазумен шектелмей, бакалавриатта оқитын білімгерлерге диплом, магистранттарға магистрлік диссертация жұмыстарын ұсынып, зерттеу жұмыстарын жүргізсе нұр үстіне нұр болар еді. Сонда Ілияс Жансүгіровтың тарихи шығармаларына кешенді түрде зерттеу жасалды деп ойлаймыз. Бұл тек бір ғана мақаласына қатысты дүние. Қолда бар мәліметтерге қарайтын болсақ, ақынның «Жетісу. 1730-1916» атты жинағында 1730 жылғы Ресей империясының Қазақстанды отарлауынан, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен аяқтайды. Бұл дегеніміз Патшалы Ресейдің отарлау саясатының бүкіл

кезеңі басынан аяғына дейін қамтылғандығын көреміз.

Қорытынды

Ғылыми мақалада халқымыздың көрнекті ақыны Ілияс Жансүгіровтың тарихшы болғандығының бір қырын ашып көрсету болып табылады. Екіншіден, оның тарихи шығармаларын түгендеуге қосылған бір тамшы үлес болмақ. Тарихшыларды, өлкетанушыларды ақынның тарихи шығармаларына назар аудартсақ, осы ғылыми мақала өз мақсатына жетті деп айта аламыз. Ұлт болып сақталып қалу үшін тіл мен тарихынды қадірлей білу керектігін қаншама оқымысты ғұламалар, саясаткерлер ай-

тып кеткеніндей бүгінгі жаһандану замамында тарихымызды қайта таразылау өзінің маңызын, өзектілігін жоғалтқан жоқ. Біздің міндетіміз ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамында жарқ етіп шыққан, халқына өшпестей мұра қалдырған Ілияс Жансүгіровтың өмірі мен қоғамдық қызметін, шығармашылық мұраларын болашақ ұрпаққа аманаттау болмақ.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19680053).

Әдебиеттер

- Абдилов М.Ж. (1994) История казачества в Казахстане. Алматы: Казахстан. 160 с.
- Абдилов М.Ж. (2000) Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость (Из истории военно-казачьей колонизации края ХУІ – начало ХХ вв. Астана: Елорда. 204 с.
- Асылбеков М., Базарбеков Ф. (2015) Сыбанқұл бастаған көтеріліс тарихтан өз орнын қашан алады. Алаш айнасы. 19 сәуір. <https://alashainasy.kz>
- Бөкейхан Ә. (1995) Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи / Таңдамалы (избранное). Алматы: **Қазақ энциклопедиясы. 478 б.**
- Галузо П.Г. (1929) Туркестан – колония (Очерк истории Туркестана от завоевания до революции 1917 года). Москва: Ком. унив-та трудящихся востока им. И.В.Сталина. 162 с.
- Галузо П.Г. (1935) Туркестан – колония (Очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). Ташкент: Гос. изд-во УзССР. 222 с.
- Дулатов М. (1991) Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Алматы: Жазушы. 384 б.
- Ерофеева И.В. (2003) Родословные казахских ханов и кожа ХУІІІ-ХІХ вв. (история, историография, источники). Алматы: ТОО «Print-S». 178 с.
- Есмағамбетов К.Л. (2000) Зарубежная историография истории Казахстана (с древних времен до начала 90-х годов ХХ в.): Дис. д-ра истор. наук. Алматы, 2000. 685 с.
- Жансүгіров І. (2006) Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары. Екі бөлімді. Алматы: Үш Қиян. 592 б.
- Жансүгіров І. (2001) Жетісу өлкесін орыс алуы. Ілияс Жансүгіров. Жетісу. 1730-1916. Құрастырушы Әбілхан Әбіласан. Алматы: Ценные бумаги. 178 б.
- Қазақстан тарихы. (2002) (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра. 305-311 бб.
- Койгелдиев М.Қ. (2004) Жетісудағы Ресей билігі (ХІХ ғ. – 1917 ж.). Астана: Елорда. 216 б.
- ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 1-іс.
- ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс.
- ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 56-іс.
- ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс.
- ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 65-іс.
- Мөңкеұлы М. (2013) Шығармалары. Құрастырған Бауыржан Омаров. Алматы: Ана тілі. 288 б.
- Өтемісұлы М. (2003) Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1-том. Алматы: Ғылым. 447 б.
- Ремнев А.В. (1995) Самодержавие и Сибирь. Административная политика в первой половине ХІХ в. Омск. 236 с.
- Советская историческая энциклопедия. Главный редактор Е.М.Жуков. Том 4. Москва: Советская энциклопедия. 1072 с.
- Турсунбаев А.Б. (1950) Из истории крестьянского переселения в Казахстан. Алма-Ата: Изд-ва Акад. наук КазССР. 102 с.
- Халид Қ. (1992) Тауарих хамса. Аударған Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан. 304 б.

References

- Abdirov M.Zh. (1994) Istorija kazachestva v Kazahstane. Almaty: Kazakhstan. 160 s.
- Abdirov M.Zh. (2000) Zavoevanie Kazahstana carskoi Rossiej i borba kazahskogo naroda za nezavisimost (Iz istorii voenno-kazachei kolonizacii kraja ХУІ – nachalo ХХ вв. Astana: Elorda. 204 s.

- Asylbekov M., Bazarbekov Ğ. (2015) Sybanqul bastağan köterilis tarihtan öz ornyn qashan alady [When will the uprising led by Sybankul take its place in history]. Alash ainasy. 19 sáur. <https://alashainasy.kz>
- Bökeihan Ä. (1995) Istoricheskie sudby Kirgizskogo kraja i kulturnye ego uspehi / Tañdamaly (izbrannoe). Almaty: Qazaq yenciklopediyasy. 478 b.
- Galuzo P.G. (1929) Turkestan – koloniya (Ocherk istorii Turkestana ot zavoevaniya do revoljucii 1917 goda). Moskva: Kom. univ-ta trudjashhihsya vostoka im. I.V.Stalina. 162 s.
- Galuzo P.G. (1935) Turkestan – koloniya (Ocherk istorii kolonialnoi politiki russkogo charisma v Srednei Azii). Tashkent: Gos. izd-vo UzSSR. 222 s.
- Dulatov M.(1996) Shyğarmalary: Oleñder, qaraszoder, kosemsoz[Compositions:Poems, black words, proverbs].Almaty: Writer. 384 b.
- Erofeeva I.V. (2003) Rodoslovnye kazahskih hanov i kozha XVIII-XIX vv. (istorija, istoriografija, istochniki) [Pedigrees of Kazakh khans and leather of the XIII-XIX centuries. (history, historiography, sources)].Almaty: TOO «Print-S».178 s.
- Esmagambetov K.L. (2000) Zarubezhnaya istoriografija istorii Kazahstana (s drevnih vremen do nachala 90-h godov XX v.): Dis. d-ra istor. nauk. Almaty. 685 s.
- Zhansügirov I. (2006) Quzhattar, hattar, kündelikter, dala hikayalary. Eki bolimdi[Documents, letters, diaries, field stories. Two parts].Almaty: Üsh Qijan. 592 b.
- Zhansügirov I. (2001) Zhetisu ölkesin orys aluy. Ilijas Zhansügirov. Zhetisu. 1730-1916[Russian occupation of Zhetysu region. IlyasZhansugirov. Zhetysu.1730-1916]. Qurastyrushy Äbilhan Äbilasan. Almaty: Cennye bumagi. 178 b.
- Qazaqstan tarihy. (2002) (Kone zamannan buginge deim). Bes tomдық. 3-tom [History of Kazakhstan. from ancient times to the present day, in five volumes. in Kazakh]. Almaty: Atamura. 305-311 bb.
- Qoigeldiev M.Q. (2004) Zhetisudağy Resei biligi (XIX ğ. – 1917 zh.). Astana: Elorda. 216 b.
- KR OMA. 1368-q., 1-t., 1-is.
- KR OMA. 1368-q., 1-t., 51-is.
- KR OMA. 1368-q., 1-t., 56-is.
- KR OMA. 1368-q., 1-t., 54-is.
- KR OMA. 1368-q., 1-t., 65-is.
- Möñkeuly M. (2013) Shyğarmalary[Compositions]. Qurastyrğan Bauyrzhan Omarov. Almaty: Ana tili. 288 b.
- Ötemisuly M.(2003) Shyğarmalarynyñ tört tomдық akademijalyq zhinağy [A four-volume academic collection of his works]. 1-tom. Almaty: Ğylym. 447 b.
- Remnev A.V. (1995) Samoderzhavie i Sibir. Administrativnaja politika v pervoi polovine XIX veka [Autocracy and Siberia. Administrative policy in the first half of the 19th century].Omsk. 236 s.
- Sovetskaja istoricheskaja jenciklopedija [Soviet historical encyclopedia]. Glavnyj redaktor E.M. Zhukov. Tom 4. Moskva: Sovetskaja jenciklopedija. 1072 g.
- Tursunbaev A.B. (1950) Iz istorii krestjanskogo pereselenija v Almaty [From the history of peasant resettlement in Kazakhstan]. Alma-Ata: Izd-va Akad. nauk KazSSR. 102 s.
- Xalid Q. (1992) Tauarih xamsa [Tauarih xamsa]. Audarğan B. Tötenaev, A. Zholdasov. Almaty: Qazaqstan. 304 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Буланов Ержан Олжабаевич – т.ғ.к., аға оқытушы, тарих кафедрасы, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті.
E-mail: erzhan_bulanov@mail.ru
Кыяхметова Шара Асетовна – ф.ғ.к., қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі м.а. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті.. E-mail: aset_shara@mail.ru

Сведения об авторах:

Буланов Ержан Олжабаевич – к.и.н., ст. Преподаватель, кафедра истории, Жетысуский университет имени И.Жансугурова. E-mail: erzhan_bulanov@mail.ru
Кыяхметова Шара Асетовна – к.ф.н., и.о. заведующего кафедрой казахского языка и литературы, Жетысуский университет имени И.Жансугурова. E-mail: aset_shara@mail.ru

Поступило: 04.12.2023

Принято: 12.02.2024